



**ШЕШІМ**

29.09.2023

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**

79/9-VIII

№ \_\_\_\_\_

город Астана

**Астана қаласы мәслихатының  
2023 жылғы 12 сәуірдегі № 19/2-VIII  
«Астана қаласы мәслихатының аппараты»  
мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы  
мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін  
бағалау әдістемесін бекіту туралы» шешіміне  
өзгерістер енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 5-тармағына, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 13 «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен бекітілген «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың үлгілік әдістемесіне сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Астана қаласы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 19/2 VIII шешіміне (бұдан әрі - Шешім) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Шешімге қосымшада:

«Астана қаласы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесінде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер бағаланатын қызметшінің бағаланатын кезеңде нақты лауазымда болу мерзімі бір айдан кем болған жағдайда, оны бағалау жүргізілмейді. Егер бағаланатын қызметші бағалау жүргізу кезеңінде еңбек немесе әлеуметтік демалыста, еңбекке уақытша қабілетсіздігі кезеңінде, іссапарда, тағылымдамада, қайта даярлауда немесе біліктілігін арттыруда болған жағдайда қызметшіні НМИ қол жеткізу бойынша бағалау, саралау және/немесе 360 әдістері бойынша бағалау оның қатысуынсыз 4-тармақта белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.»;

10-тармақтың 3-абзацы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«Персоналды басқару қызметі бағаланатын қызметшіні бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң екі жұмыс күні ішінде таныстыруды қамтамасыз етеді. Осы Әдістеменің 5-тармағында көрсетілген қызметшілерді таныстыру оның тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатты және/немесе телефонограмманы және/немесе жеделхатты және/немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша немесе электрондық мекенжай бойынша мәтіндік хабарды жіберу арқылы не хабарламаны немесе шақыруды тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.».

**Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы**



**Е. Каналимов**